

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 маусымдағы N 695 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 23 шілдедегі N 1152

Мемлекеттік заемдарды тарту арқылы іске асырылатын жобаларды республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру тетігін жетілдіру және бөлінетін бюджеттік қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы бюджетінен жобаларды қоса қаржыландыру тетігі туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 маусымдағы N 695 Р960695_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

қаулының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік заемдарды тарту арқылы іске асырылатын жобаларды республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру тетігі туралы";

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасының бюджетінен" деген сөздер " Республикалық бюджеттен" деген сөздермен ауыстырылсын;

аталған қаулының қосымшасында:
қосымшаның атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік заемдарды тарту арқылы іске асырылатын жобаларды республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру тетігі туралы";

қосымшаның мәтініндегі "Қазақстан Республикасының бюджетінен" деген сөздер " Республикалық бюджеттен" деген сөздермен ауыстырылсын;
бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Республикалық бюджеттен жобаларды қайтарымды негізде қоса қаржыландыруды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

түпкілікті заемшыларды тікелей қаржыландыру;
түпкілікті заемшыларға кейін несие беруі үшін екінші деңгейдегі банктерде нысаналы несиелер беру;

түпкілікті заемшыларға қызмет көрсетуші агент-банкіні белгілей отырып несие беру жолымен жүзеге асырады";

мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен түпкілікті заемшылар арасында жасалған келісімдерде не Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен екінші деңгейдегі банктер арасындағы несие келісімдерінде қайтару

кепілдіктері, аманат міндеттемелері, өтеу кестесі, өсім ставкасы, сондай-ақ республикалық бюджетке негізгі борыш пен проценттік төлемдерді уақтылы және толық өтеу үшін жауапкершілік белгіленеді";

алтыншы, жетінші және сегізінші бөліктер тиісінше жетінші, сегізінші және тоғызыншы бөліктер болып есептелсін;

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әрбір жобаны қоса қаржыландыру тетігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің жобаны іске асыру туралы қаулысында бекітілуге тиіс";
тоғызыншы бөлік алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары